

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### **Күшін жойған**

Павлодар облысы Ақсу қаласы Евгеньевка селолық округі әкімінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 1-09/04 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 қыркүйекте № 4715 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Евгеньевка селолық округі әкімінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы N 1-09/06 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Евгеньевка селолық округі әкімінің 23.12.2015 N 1-09/06 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі " Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, ірі қара малдан лейкоз ауруы анықталуына байланысты Ақсу қаласының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынымы негізінде, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Ақсу қаласы Евгеньевка селолық округінің аумағында орналасқан "Рямбов" шаруа қожалығының мал шаруашылығы фермасында ірі қара мал лейкозы бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. "Ақсу қаласының ветеринария бөлімі" (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Ақсу қалалық аумақтық инспекциясы" (келісім бойынша), Ақсу қаласы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Ақсу қалалық басқармасы" (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелері анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитарлық қолайлар жағдайға қолжеткізу үшін қажетті ветеринариялық-санитарлық іс-шаралар өткізсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Евгеньевка селолық*

*округінің әкімі*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Ақсу қаласының*

*ветеринария бөлімі"*

*мемлекеттік мекеме*

*басшысының м.а.*

*2015 жылғы "24" тамыз*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*M. Дүйсенби*

*K. Әмренов*

"Қазақстан Республикасы  
Ауылшаруашылығы министрлігінің  
ветеринариялық бақылау және қадағалау  
Комитетінің Ақсу қалалық аумақтық  
инспекциясы" мемлекеттік  
мекеменің басшысы  
2015 жылғы "24" тамыз  
"КЕЛІСІЛДІ"  
"Ақсу қаласы бойынша  
тұтынушылардың құқықтарын  
корғау бойынша Ақсу  
қалалық басқармасы"  
респубикалық мемлекеттік  
мекеме басшысының  
міндеттін атқаруышы  
2015 жылғы "24" тамыз

*F. Батаев*

*H. Калюга*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК